«Марал» бөбекжай балабақшасы МКҚК

Меңгеруші жанындағы кеңестің №1 хаттамасы

Қатысқандар : 12 **08.09.2022**

Күн тәртібі:

1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.Шолу тексерудің қорытындысы

2.Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық

3.Мониторинг-2022 өзгешеліктерімен таныстыру

4.Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары және «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекіту

5.Балаларды жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу,тәрбиешілерді бекіту

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Насруллаева «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» Шолу тексерудің қорытындысына тоқталып өтті.

Біздің басты мақсатымыз балаларды толыққанды дамыту - қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі болып табылады.Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 2020 жылғы 27 мамырдағы үшінші отырысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі ісшаралар жоспарының 1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 23 наурыздағы №137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі .Бүгінгі күні жаңа Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту

министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары бекітілді.

Жаңа оқу жылында жаңа стандарт талаптарын, жаңа үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда балабақшамыздың ішкі жағдайында балаларды тәрбиелеуде демек, педагогтерге ойынға басымдық беру ұсынылады. Ол үшін балалардың қызығушылықтарына сәйкес заттық-дамытушы ортаны құру және ұйымдастырылған іс-әрекетті балалардың бастамаларын, пікірлері мен тілектерін ескере отырып, оларды зеріктірмей, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру арқылы қызықты ойын түрінде өткізу көзделеді.Шолу тексеру нәтижелері орташа деп бағалаймын,толықтырулар қажет етеді.Аталған басымдықтарды,талаптарды ескере отырып,толықтырулар жүргізуді тапсырды.

2.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Насруллаева Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық жөнінде тоқталып кетті:

Балабақшаның алдына қойылған міндеттерінің бірі- тәрбиелеу-білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды көздейді. Балаларды дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процесіне ата-аналарды тартуымыз қажет. Осы екі мәселеге сүйенейік:

- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
- ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның қызметіне тарту.

Балабақшада балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті іске асыруда ата-аналарға көмек көрсету арқылы педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту мақсаты қойылған. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін: әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;- балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;консультациялық кеңестің жұмысын кеңейту;Ата-аналармен жұмыста тренингтер, семинарлар, «игі істер күндері», ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес, ата-аналар конференциясы, дәстүрлі емес қарым-қатынас нысандары түрінде өтетін ата-аналар жиналыстарының жаңа форматтарын пайдалану қажет деген тапсырмалар берді.

3.Тыңдалды:

Балабақша әдіскері А.Толепбергенова Мониторинг-2022 өзгешеліктерімен

таныстырып өтті:

Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі.Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары қазан - желтоқсан , Аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары,ақпан - сәуір қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары жүргізіледі.

Мониторингтің мақсаты:

- баланың жетістіктерін қадағалау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

4.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Насруллаева Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары және «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекітті және тіл мерекесіне ересек топ бүлдіршіндерімен ашық ұйымдастырылған іс әрекет өткізуді тапсырды.

5.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Насруллаева жаңа 2022-2023 оқу жылындағы балалардың жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу,тәрбиешілерді бекіту кестесімен таныстырды.

Ересек «Ертөстік»-25 бала,4 жастағы балалар,тәрбиешілер Серікбаева,Жумадиллаева

Орта «Абылайхан»-25 бала,4 жастағы балалар,тәрбиешілер Бөрібай А.Мырзатай М

Кіші топтар-45 бала,2 жастағы балалар,тәрбиешілер Омарбекова ,Жанзахова,Байтілеуова,Ажиханова

Ерте жас «Қобыланды»-20 бала,21-2жастағы балалар,тәрбиешілер Б.Аширова,Ф Рахымбекова

Байдуалиева

Ерте жас «Қамбар» - 15 бала, 1-2 жастағы балалар, тәрбиешілер Г.Абилова,Ш Парменкулова

ШЕШІМІ:

1.Шолу тексеру нәтижелерінде аталған басымдықтарды,талаптарды ескере отырып,толықтырулар жүргізу.Жауаптылар: Әдіскер А.Толепбергенова,тәрбиешілер

2.Балаларды дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процессіне ата-аналарды тарту мақсатында 20-қыркүйек күніне жалпы ата-аналар жиналысын шақыру.Жауапты: Әдіскер А.Толепбергенова

3.Балалардың жетістіктерін қадағалау,тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету,баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру мақсатында кезеңдерімен жүргізу.Жауаптылар:Әдіскер А.Толепбергенова,тәрбиешілер

4.Тіл мерекесі арналған апталықтың іс-шаралары және «Алтын күз» мерекесін жауапкершілікпен атап өткізілсін.Жауаптылар:Музыка жетекшісі Т.Абусейіт,тәрбиешілер

5.2022-2023 оқу жылындағы бекітілген тәрбиешілер балалардың жас ерекшілігіне сай ұйымдастырылсын.Жауаптылар: Әдіскер А.Толепбергенова,тәрбиешілер

Төрайымы: М.Насруллаева

Хатшы: Г.Оразбекова

№2 меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.

07.11.2022 ж Жиналғандар саны -9

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Шолу тексеру қорытындысы: «Күн тәртібінің орындалуы»
3.«Тәуелсіздік мерекесімен құттықтаймыз!»ашық тәрбие сағатының және «Үйшіктегі күз» дене шынықтыру сауық кешінің жоспарымен танысу, бекіту
4. «Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценариімен танысу, бекіту

1.Тыңдалды балабақша меңгерушісі М.Насруллаева өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына есеп берді. Балабақшада кезекші топтар қалыпты жұмыс жүргізіп отыр. Барлық санитарлық талаптар орындалуда. Топтар керекті дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз етілген. Сонымен бірге өткен кеңестегі кемшіліктердің орындалуына тоқталып өтті. Топтарда дене шынықтыру құралдары толықтырылған, кітап бұрыштары жаңартылғанын және ойын атрибуттары біршама толықтырылғанына тоқталды.

2. Тыңдалды балабақша әдіскері А.Толепбергенова «Топтардағы күн тәртібінің орындалуы» жедел тексеру қорытындысымен таныстырып өтті.Тексеру мақсаты: топтарда күн тәртібінің талапқа сай орындалуы, кемшіліктерді анықтау, түзету.Тексеру мерзімі: 12.10-16.10.2022.

Жедел тексеру бойынша келесі топтарда күн тәртібінің талапқа сай орындалуына бақылау жүргізілді: «Ертөстік» ересек , «Абылайхан » ортаңғы, «Алпамыс» кіші. «Ертарғын » ерте жас топтарда тексеру бойынша топтарда күн тәртібін орындауда өрескел бұзушылықтар анықталмағанын, таңертеңгі қабылдау, гимнастика талапқа сай жүргізіліп жатқанын, балалар мен тәрбиешілердің қарым-қатынасы жақсы екеніне тоқталды. Дегенмен ұйқы мен серуен кезінде анықталған кемшіліктерге тоқталды. Ұйқыдан тұрғызу кешіктірілгенін, кіші топтарда ерте ұйықтап қалатын балалар болғанын, ұйқыдан біртіндеп тұрғызуда ортаңғы топта кеш ояту жағдайы анықталғанын айтып, балалармен ұйқы ашар жаттығулар мен гигиеналық процедуралардың талапқа сай жүргізілк керектігін ескертті.

Тәрбиешілер толық келісті

3.Тыңдалды «Тәуелсіздік мерекесімен құттықтаймыз!»ашық тәрбие сағатының сценариімен балабақша әдіскері А.Толепбергенова таныстырып өтті. Қазіргі кезде карантин жағдайына байланысты ата-аналарды балабақшаға жібере алмайтынын, бірақ балабақшаның оқу тәрбие жұмысының мерекелік жоспарына сәйкес мерекелерді атап өту керектігін ескертті. Сондықтан Тәуелсіздік мерекесіне орай кешенді тәрбие сағатын өткізіді ұсынды. Сценарийде туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру,Отанын сүю екенін айтып, туған ел туралы тақпақтар, әндер жобаланғанын айтып өтті.

Тәрбиешілер толық келісім берді.

Сонымен бірге әдіскер А.Толепбергенова балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес салауатты өмір салтын ұйымдастыру бөлімі бойынша «Үйшіктегі күз» дене шынықтыру сауық кешінің жоспарымен таныстырды.Сценарий балалардың бойынан театрлық - ойын қызметіне деген қызығушылық тудыруға, кез келген театрланған қойылымдарда белсенді атсалысып қатысуға бір-біріне көмек қолын созуға және достық қарым-қатынасты тәрбиелеуге жобаланған. Балалардың дене қимылын зияткерлік тапсырмамен араластыра орындауға арналған. Тақпақтар, би қимылдары, ойындар бала жасына сай келетініне тоқталды. Сонымен бірге керекті материалдармен таныстырды.

Балабақша меңгерушісі керекті материалдармен толықтыруды шаруа меңгерушісі мен мейірбикеге тапсырды. Ойын уақыты 25.11.2022 ж өткізуді ұсынды.

Қызметкерлер толық келісті.

4. «Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценариімен балабақша музыканты таныстырды.Ертеңгіліктерде сахналау, әндер және билер бала жасына сай таңдалған.Балалардың ертеңгілікке кіруі және аналар мен қыздарға силық силау сәттері таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Музыкант ертеңгілікке керекті құралдар мен залды әсемдеу варианттарын ұсынды.Меңгеруші материлдық жағынан көмек беретінін білдірді.Ертеңгілікті28-29-30.12.2022 ж өткізуді ұсынды. Меңгеруші толық келісім берді.

Шешімі:

1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.

2.«Күн тәртібінің орындалуы» жедел тексеру қорытындысы қанағаттанарлық. Анықталған ескертулер түзетілсін, орындалсын. Жауапты:тәрбиешілер.
3.«Тәуелсіздік мерекесімен құттықтаймыз!» тәрбие сағаттары ересек және мектеп алды даярлық тобында өткізілсін.
«Үйшіктегі күз» дене шынықтыру ойын сауығы жоспары бекітілсін өткізілсін. Керекті құралдармен қамтамтасыз етілсін. Жауапты шаруа меңгерушісі, мейірбике.
4.«Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценарилері бекітілсін. күндері өткізілсін. Ата-аналар ертеңгілікке жіберілмесін.

Кеңес төрайымы: М.Насруллаева

Хатшысы: А.Аршабай

№3 меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.

15.01.2022 ж Жиналғандар саны -10

Күн тәртібі:

1.Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы
2. МЖББС,жаңа бағдарлама және мониторинг негізінде І-жарты жылдықтағы балалардың білім алу дағдыларын анықтау мониторингін талқылау.
3.Дене шынықтыру мерекесі «Сәлем Көктем, қош бол Қыс!»жоспарын бекіту
4. «Менің анамның мерекесі» мерекелік ертеңгіліктің сценариімен танысу, бекіту.

1.Тыңдалды балабақша әдіскері өткен кеңестің қаулыларының орындалуы туралы есебі. «Тәуелсіз күнімен құттықтаймыз» тәрбие сағатының өтілуіне тоқталды. Балабақша безендірілуі талапқа сай. Балаларға арналған тақпақтар, әндер бала жасына сай келеді. Балалар әнді көтеріңкі көңіл күймен оындады. Балаларға Отанды сүю, туған өлкеге сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, Қазақстанның рәміздері туралы білім беру жұмыстары жүргізілді. Тәрбие сағатының мақсаты орындалдалды деп бағаланды.

Сонымен бірге Жаңа жыл мерекесінің өтілуіне тоқталды. Жаңа жыл мерекесі балалар үшін қызықты , таңғажайыптарға толы мереке.Топтарда «Жаңа жыл» мерекесі өте қызықты өтті. Балалар қызыға қатысты. Сахналау және таңғажайып қызықтар балалар белсенділігін арттырды.Әндер мен тақпақтар бала жасына сай даындалған. Балалар әндерді таза әрі мәнерлі орындады.Дегенмен «Балапан» кіші топтарда балалар әнді орындау кезінде алаңдаушылық болғанын, ертеңгілік шулы болағанына тоқталып өтті.

Дей тұрғанмен балабақшада жаңа жыл мерекесінің ұйымдастырылуы мен өтілуі «жақсы» деп бағалауға болатынын айтты.

Тәрбиешілер келісетіндіктерін білдірді.

2.Тыңдалды балабақша әдіскері балабақшада өткен аралық мониторингтың қорытындысымен таныстырды. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұның игеруі бойынша «Ертөстік» ересек топта -41%, «Абылайхан » ортаңғы топ-35% , «Алпамыс» кіші топ-33 %, «Қамбар» ерте жас топта -33 % болғанын, балабақша бойынша -37% болғанын айтып , алдағы уақытта бұл көрсеткішті көтеруге тапсырма берді

Тәрбиешілер толық келісім берді.

3. Тыңдалды балабақша тәрбиешілерінің салауатты өмір салты бойынша дене шынықтыру мерекесі «Сәлем Көктем, қош бол Қыс» жоспары.Барлық топта жаттығулар, жарыстар жобаланған. Тәрбиешілер мерекеге керекті материалдарды жеткізіп беруді ұсынды.

Меңгеруші келісім берді және ақпан айында өткізуге ұсыныс берді.

4.Тыңдалды балабақша музыкантының «Менің анамның мерекесі » мерекелік ертеңгіліктің сценарийлері.Ертеңгіліктерде сахналау, әндер және билер бала жасына

сай таңдалған.Балалардың ертеңгілікке кіруі және аналар мен қыздарға сыйлық сыйлау сәттері таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Музыкант ертеңгілікке керекті құралдар мен залды әсемдеу варианттарын ұсынды.Меңгеруші материлдық жағынан көмек беретінін білдірді.Ертеңгілікті 4.03. және 5.03.2022 өткізуді ұсынды.

Шешімі:

1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.

2.Аралық мониторинг көрсеткіші -37,2%. Балалардың білім білік дағдыларын көтеру бойынша жұмыстар үздіксіз жүргізілсін.

3. Дене шынықтыру мерекесі «Сәлем Көктем, қош бол Қыс» жоспары бекітілсін. Керекті құралдармен қамтамасыз етілсін жауапты Шаруа меңгерушісі, мейірбике. Мереке 15.02.2021 жеткізілсін.

4.«Менің анамның мерекесі» ертеңгілік сценарии бекітілсін. Ертеңгілік 4-5.03.2022 ж күндері өткізілсін.Ертеңгілікке ата-аналар қатыстырылмасын. Ата-аналарға ватсап желісі арқылы көрсетілсін.

Кеңес төрайымы: М.Насруллаева

Хатшысы: А.Аршабай

« Марал» бөбекжай балабақшасы МКҚК

Меңгеруші жанындағы кеңестің №4 хаттамасы

Қатысқандар : 13 **01.03.2023**

Күн тәртібі:

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде

2.Сегізінші наурыз, Наурыз мерекелерінің бағдарламасын бекіту

3. «Балалардың күн тәртібіне сәйкес таза ауада болуы»

Жедел тексеру қорытындысы

1.Тыңдалды:

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі М.Насруллаева сөз алды:

Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат-міндеттерін игеруде балалардың жеке даралығын, қызығушылын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып жалпы адами құндылықтар негізінде дамыту басты назарда болуын атап өткен болатынбыз.Күнделікті ойындарда ұлттық ойындардың элементтерін қолдану, ұлттық нақыштарды шығармашылық жұмыстарға жүйелі ендіру ,мерекеге безендіруде жалпы ұлттық салт-дәстүрге сай болуына мән беруді тапсырды.

2.Тыңдалды:

Сегізінші наурыз, Наурыз мерекелерінің бағдарламасының мазмұны жөнінде әдіскер Толепбергенова түсіндіріп өтті.Топтарда аналар мен әжелерге арналған әндер,тақпақтар,ойындар мен қойылымдар жас ерекшеліктеріне қарай жоспарлануда.Дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Сөйлегендер тәрбиеші Байтілеуова –Қыздарымыз бен ұлдарымыз полька биіне билейді, костюмдерді ата-аналармен бірлесе отырып таңдадық,сәнді кеудешелер мен юбка тігетін болдық, материалдарын алсақ, өзім әр қызға тігемін.Жеке әндеріміз де бар.

Балабақша меңгерушісі Насруллаева- «Балалар жалықпайтын болсын, қысқа би, қысқа ойындар жоспарлы түрде өткізілсін»- деп тапсырды.

Балабақша әдіскері Толепбергенова балабақшадағы Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесін аулада ата – аналар, қонақтар шақырып кең көлемде атап өтуді ұсынды.Ұлттық бұйымдардан көрме ұйымдастырып, ата-аналарды салт-дәстүрімізді насихаттауға қатыстыруды, ұжымдастар мен бүлдіршіндер түгел ұлттық костюмде болсақ, ән- биімізбен, сахналаумен жандана түсер еді деп жоспарларымен таныстырып өтті.

3.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.Насруллаева

«Балалардың күн тәртібіне сәйкес таза ауада болуы» Жедел тексеру қорытындысына тоқталып өтті: Балабақшада педагогтардың басты міндеттерінің бірі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, ден шынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырады. Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң. Балалардың ұлтына, әлеуметтік статусына, психофизиологиялық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан барлығына бірдей көңіл бөлу және әділ болу керек.Жалпы күн тәртібіндегі аталған міндеттер барлық ұйымдастырылған іс-әрекеттер арқылы іске асырылатын болады. Балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі; салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимылқозғалыс, бейімделу.Жалпы жедел тексеру қорытындысы осы міндеттерге сай болуын талап етемін.Жыл мезгілдерінің ауа-райы қолайлы күндері балалар күн тәртібіне сай таза ауада болуы, жүйелі жұмыс жүргізілсін деп ұсыныстар берілді.

ШЕШІМ

1.Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат-міндеттерін игеруде балалардың жеке даралығын,қызығушылығын,ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып оқу тәрбие үдерісін жүргізу.

2. Сегізінші наурыз аналар мерекесі 6-7 наурыз күндері жоспар бойынша жауапкешілікпен атап өтілсін.Жауаптылар:Әдіскер:А.Толепбергенова,тәрбиешілер

3.Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесін аулада 17-наурыз күні ата-аналар қатысуымен атап өтілсін.Жауаптылар: Әдіскер: А.Толепбергенова

4.Жыл мезгілдерінің ауа-райы қолайлы күндері балалар күн тәртібіне сай таза ауада болуы,жүйелі жұмыс жүргізілсін.Жауаптылар: Әдіскер А.Толепбергенова

Төрайымы: М.Насруллаева

Хатшы А.Толепбергенова